

Жаңақорған ауданы әкімдігінің "2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу туралы" 2012 жылғы 26 наурыздағы N 25 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 10 мамырдағы N 48 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2012 жылы 11 мамырда N 10-7-153 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 07 ақпандағы N 284 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімдігінің 07.02.2013 N 284 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Әкімшілік рәсімдер туралы" Заңдарына сәйкес, Жаңақорған ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 26 наурыздағы N 25 "2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2012 жылғы 9 сәуірінде N 10-7-151 санмен ресми тіркелген, "Жаңақорған тынысы" газетінің 2012 жылғы 11 сәуіріндегі N 30 санында ресми жарияланған) қаулысының 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жаңақорған ауданындағы әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе одан босатылуға құқығы жоқ он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және әскерге шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімдерін өткермеген азаматтарды 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізу ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін."

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Б. Ибрагимовке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жаңақорған ауданының әкімі

С. Тауипбаев

" К Е Л І С І Л Д І "

"Жаңақорған аудандық ішкі істер
бөлімі Қызылорда облысының Ішкі істер
Департаменті Қазақстан Республикасының
Ішкі істер Министрлігі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы
Оспанов Жарас Өмірбекұлы
"08" мамыр 2012 жыл

" К Е Л І С І Л Д І "

"Қызылорда облысының денсаулық
сақтау басқармасының "Жаңақорған
аудандық емханасы" шаруашылық жүргізу
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық
кәсіпорынының бас дәрігері
Абдусаметов Жақсылық Әбілқасымұлы
"08" мамыр 2012 жыл

" К Е Л І С І Л Д І "

"Қызылорда облысы Жаңақорған
ауданының Қорғаныс істері
жөніндегі бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің бастығы
Әлімбетов Сабырхан Қалиханұлы
"08" мамыр 2012 жыл
